ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 28 сәуір №7119-25-00-2/3395 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судья Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу электрондық тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Апаттар медицинасы орталығы (Астана қаласы)" мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«NAS24» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Апаттар медицинасы орталығы (Астана қаласы)" мемлекеттік мекемесінің "NAS24" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы арызы - қанағаттандырылсын.

«NAS24» ЖШС-ті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«NAS24 NAS24» ЖШС - нен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж мөлшерінде өндірілсін.

«NAS24» ЖШС - нен мемлекет кірісіне тұрақсыздық айыбын 7 360 (жеті мың үш жүз алпыс) теңге, және мемлекеттік баж 221 (екі жүз жиырма бір) теңге мөлшерінде өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 28.04.2025
Заңды күшіне енген күні: 06.06.2025, судья Нұрғалиева Ж. Д., 16.07.2025
7119-25-3-1/3049

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

АПК-нің 147, 403, 404-баптары негізінде шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы тараптар апелляциялық шағымды, наразылықты келтіруге құқылы.

Судья Ж. Нұрғалиева

ГУ Центр медицины катастроф МЧС РК г.Астана\АБайділда Н.М

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 28.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 06.06.2025, судья Нұрғалиева Ж. Д., 16.07.2025